**Батыс Қазақстан облысы**
**Казталов ауданы**
**"Нұрхан"ЖК**
**Балбөбек жеке бөбекжайы.**

Бекітемін:

«Балбөбек» жеке бөбекжайының директоры: А.А.Төлеуғалиев

**«Балапан» ересек тобының 2025-2026 оқу жылына арналған ата-аналармен жұмыс жоспары**

**2025-2026 оқу жылында ата-аналармен жүргізілетін жұмыс жоспары**
**Топ: «Балапан»**

**Мақсаты:** Ата-аналарға жас ерекшеліктеріне сай психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету, баланың білімі мен тәрбиесін арттыруға ықпал ететін тиімді әдіс-тәсілдермен таныстыру және ата-аналардың жауапкершілігін сезіндіру арқылы баланың жетістіктеріне қол жеткізу.

| Тақырыбы | Өтілетін уақыты | Жауаптылар |
|---|---|---|
| «Жаңа оқу жылында төрт жастағы балаларды тәрбиелеу мен оқытудың мақсаттары мен міндеттері» **№1 ата-аналар жиналысы**<br>**«Сенім шеңбері» (танысу тренингі)** | Қыркүйек | Әдіскер: А.Жумагалиева<br>Тәрбиешілер: Т.Қабдықалықова Т.Жумагалиева |
| «Бала мінез-құлқын қалыптастыру» **Аналар мектебі**<br>**«Релаксация: Ішкі тыныштық»**<br>**«Сары алтындай – Алтын күз»ертеңгілік**<br>**Ашық есік күні** | Қазан | Тәрбиешілер: Т.Қабдықалықова Т.Жумагалиева<br>Ата-аналар |
| «Әке – баланың басты қорғаушысы»<br>**Әкелер мектебі**<br>«Әкелер мен балалар: Инженерлік шеберлік» (LEGO)<br>**Алтын күз көрмесі** | Қараша | Тәрбиешілер: Т.Қабдықалықова<br>**Т.Жумагалиева**<br>Медбике: Р.Тулегенова<br>Ата-аналар |
| «Баланың өміріндегі жол қозғалысы ережелері» **№2 ата-аналар жиналысы**<br>**«Ертегілер әлеміне саяхат» Әжелер мектебі «Асық ойнау дәстүрі» (шеберлік сағаты)**<br>**Ертеңгілік:** «Жаңа жылым-жарылқа»<br>Тұмаудан сақтанайық. | Желтоқсан | Тәрбиешілер: Т.Қабдықалықова<br>Т.Жумагалиева<br>**Медбике: Р.Тулегенова** |
| **«Баланың тілін дамытудағы кітаптың рөлі»**<br>«Ертегі әлемі» (театрландырылған қойылым)<br>«Ән мен би әлемінде» апталық ,шеберлік сыныбы<br>**3. Ашық есік күні** | Қаңтар | Тәрбиешілер: Т.Қабдықалықова<br>Т.Жумагалиева<br>Ата-аналар |
| 1. «Цифрлық әлемдегі қауіпсіздік» дөңгелек үстел<br>**Сауалнама:**«Истерика мен қарсыласуды қалай жеңуге болады?» | Ақпан | Тәрбиешілер: Т.Қабдықалықова<br>Т.Жумагалиева<br>Ата-аналар |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 7. | 1.«Бөбекжайдағы және отбасындағы STEAM-технологиялары» **№3 ата-аналар жиналысы**<br><br>**Мерекелік ертеңгіліктер**<br><br>«Анашым -асылым» мерекелік шара<br><br>**22 наурыз «Армысың ,әз Наурыз»**<br><br>«Наурызнаманы» көлемді тойлау. | Наурыз | Тәрбиешілер: Т.Қабдықалықова<br><br>Т.Жумагалиева<br><br>**Медбике: Р.Тулегенова**<br><br>Ата-аналар |
| 8. | **«Салауатты өмір салты – отбасылық құндылық» . Әкелер мектебі**<br><br>**«Әкелер мен балалар спорттық сайысы»**<br><br>**Ашық есік күні** | Сәуір | **Тәрбиешілер: Т.Қабдықалықова**<br><br>Т.Жумагалиева<br><br>Ата-аналар |
| 9. | «Балаларды денсаулығы мен дамуына зиян келтіретін ақпараттан қорғау туралы»<br><br>**№4 ата-аналар жиналысы**<br><br>**Ертеңгілік: «Бір шаңырақ астында»**<br>7,9 мамыр мерекелік шара<br>**«Таза ауа-жарқын болашақ» консилиум**<br>**Әкелер мектебі**<br>**4.Жазғы сауықтыру жоспары**<br>**5. Кеңес беру:**<br>- Жазғы демалыстың қауіпсіздігін ұйымдастыру | Мамыр | Тәрбиешілер: Т.Қабдықалықова<br><br>Т.Жумагалиева<br><br>**Медбике: Р.Тулегенова**<br><br>Ата-аналар |

2 (екі) бет нөмірленіп, баумен тігілді, мөрленді

«Нұрхан» ЖК жетекшісі: А.А.Төлеуғалиев

«Балбөбек» жеке бөбекжайы

# Ата-аналар жиналысының хаттамалары
«Балапан» ересек тобы

2025-2026 оқу жылы

№1 Ата-аналар жиналысының
Хаттамасы.

Тобы: „Балапан" ересек.

Оқу жылы: 2025-2026 ж.

Өткізу формасы: Конференция.

Өткізілген күні: 12-қыркүйек 2025ж.

Өткізілген орны: „Балапан" ересек тобы.

Қатысқан ата-аналар саны: 14 адам.

Жиналыстың тақырыбы: „Жаңа оқу жылында төрт жастағы балаларды тәрбиелеу мен оқытудың мақсаттары және міндеттері."

Күн тәртібі:

1. Жазғы сауықтыру кезеңінің қорытындылары туралы.
2. Жаңа оқу жылында төрт жастағы балаларды тәрбиелеу мен оқытудың мақсаттары және міндеттері.

3. Күн тәртібін сақтаудың маң-
ыздылығы туралы.
4. „Әртүрлі" Ата-аналар
комитетін таңдау.

Барысы:

1. Тәрбиеші Жумагалиева Т.
„Тату отбасы" шаттық шеңберін
өткізді.
Жаңа сауықтыру кезеңін өткізу
дің қорытындылары туралы ай-
тылды.
2. Тәрбиеші Жумагалиева Т.
„Сіз қандай ата-анасыз?"
сауалнамасын жүргізді.
Тәрбиеші Қабдоуалиқова Т.
4 жастағы балалардың жас
ерекшеліктеріне назар аударды,
осы жаста баланың оқу
ерікті моральдік мінез-құлқы
на жауап беретін және

тұлғасының негізгі құрылымдары
қалыптаса бастағанын атап
өтті. Педагог осы тақырыпты
талдаулау үшін ұсынды: „Төрт
жасар баланың даму кезеңінде
ересек адамның басты міндеттері"
Ата-аналар бұл мәселені
белсенді талқылады.

2. Оқу жылында 4 жастағы балалар
ды тәрбиелеу мен оқытудың
мақсаттары және міндеттері
іске асыру үшін тәрбиеші Тұрма-
ғамбетова Т. сөз сөйледі. Ол ата-
аналарға стендтік сессия форма-
тында жұмыс істеуді ұсынды.
Әр ата-анаға өзіне берілген
тапсырмалар бойынша постер
қорғады.

3. Күн тәртібі сақталуының
маңыздылығы мәселесі бойынша

тәрбиеші Қабдуламолдова П. сөз
сөйледі. Баяндамада бөбекжайда-
ғы күн режимі балалардың қажет-
тіліктерін ескеріп, балалардың
дербес іс-әрекетінің, ойындардың
шынықтырулардың, ұйқы, күндізгі демалыс,
тамақтану сияқты маңызды
аспектілер сараланып мұқият
назар аударылғаны атап өтілді.
Ата-аналарға үйде де күн
тәртібін сақтау бойынша
ұсыныстар айтылды.

4. Ағымдағы мәселелер:
Жаңа оқу жылына ата-аналар
комитетін сайлау керектігі қосылды.

Қаулы:

- 2025 жылдың жазғы кезіндегі
сауықтыру жұмыстары қанағат-
танарлық деп саналсын.
- Мектепке дейінгі тәрбие мен

оқытудың үлгілік оқу бағдарла
маларының іске асырудың шарты
ретінде «Балапан» ересек тобында
төрт жастағы балалардағы
тәрбиелеудің мақсаттары
мен міндеттерін орындау
өзекті және міндетті болып
саналады.
— Бұзылмайтын күн тәртібі
балалардың психологиялық,
физиологиялық және әлеуметтік
қауіпсіздігінің, белсенділігі мен
дамуының негізі деп саналса,
отбасындағы күн тәртібі бұзылмай
дағы режимге тәуелділік.
МДҰ ішкі тәртіп ережелері,
мамандардың ұсыныстарының
орындалуы қадағаланады.
— «Балапан» ересек тобында 2025-2026
оқу жылына ата-аналар

комитеті бекітілсін, құрамы
Ата-аналар комитетінің төрағ
сы: Ақсисенова Г, ата-аналар
комитетінің мүшелері: Бахитова
Анаева А. Хатшы: Фатхалина А.

Ата-аналар жиналысы өткен
күні: 12.09.25ж.
Ата-аналар комитетінің
төрағасы:
Хатшы:

№2. Ата-аналар жиналысы
Хаттамасы.

Тобы: „Балапан" ересек топ.
Оқу жылы: 2025-2026 оқу жылы
Өткізу формасы: конкурс түріндегі жиналыс.
Өткізілген күні: 22-желтоқсан 2025ж.
Өткізілген орны: Ант заны бөбекжай.
Қатысқан ата-аналар саны: 15 адам.
Жиналыстың тақырыбы:
„Баланың өміріндегі жол қозғалыс ережелері"

Күн тәртібі:
1. Баланың өміріндегі жол қозғалыс ережелері.
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасының мазмұнын меңгеру бойынша балалардың аралық мониторингінің қорытындылары.
3. Ағымдағы мәселелер.

Қорыта:

1. Бала өміріндегі жол қозғалыс ережелері туралы бірнеше мәселе бойынша тәрбиеші Қабдуқалықова Т. жол қауіпсіздігі туралы ақпараттың блок жариялады, "Көшедегі қауіпсіз мінез-құлық және балалардың жарақаттануы" ұғымдарының сипаттамаларын береді, статистикасына келтірілді. Педагогтар тобының ата-аналарына "Блиц сауалнама" "Тәртіпшісі арнау" "Жол қауіпсіздігі туралы кроссворд" ойындарын өткізілді.

2. Мектеп жасына дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасының мазмұнын меңгеру бойынша "Балапан" ересек тобында мониторинг жүргізу үшін балалардың білімдері

мен дағдыларының даму деңгейін
бақылау бойынша индикаторлар
түрлері әзірленді. Бақылау парағында
мониторинг критерийлері және
3 тиісті индикатор ұсынылған.

3. Ағымдағы мәселелер:

- Ата-аналар жаңа жылдық мерекелерге дайындалудың маңыздылығы, міндеттерді нақтылау туралы айтылды. Тәрбиешілер өз сөзінде мерекеге орай ұйымдастыру шараларының маңыздылығы және ерекшелігіне дайындық жүргізу костюмдер туралы жеке іс-шараға қатысу үшін балалар бөбекжайға қалмай келу керектігі айтылды.
- Медицина қызметкері Р. Төлегенова қыс мезгілінде денсаулықты шынықтыру, жіті респираторлық аурулардың алдын алуды қадағалау.

сондай-ақ ЖРВИ алдын алу бойынша жадынамалар таратылды.

Қаулы:

1. Ересектер баланың жол қозғалысы ережелерін сақтауына жауапты деп саналсын; отбасында сондай-ақ бөбекжайда, үнемі олардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз етудің қауіпті жағдайлардан сақтанудың құралы ретінде жол қозғалысы ережелері таныстырылсын, балалармен ойын түрінде ойнатылсын.

2. 2025-26 оқу жылында „Балапан" ересек тобы тәрбиеленушілерінің жетістіктерінің арасындағы мониторинг нәтижелері қанағаттанарлық деп есептелсін арнайы тұтас іс-әрекеті балалардың жеке даму

нұсқамалардың жоспарына сәйкес жүргізілген.

3. Жаңа жылдық мерекелерге дайындық МДҰ жарлығына сәйкес және жиналыс бекіткен кесте бойынша жүргізілсін.

4. Қыс кезеңінде балалардың денсаулығын жағдайын бақылау, гипотермияға жол бермеу, медицина маманының ұсынымын қадағала отырып, ЖРВИ алдын алу қадағалансын.

Ата-аналар жиналысы
өткізілген күн: 22.12.25ж

Ата-аналар комитетінің
төрағасы:

Хатшы:

№3 Ата-аналар жиналысының хаттамасы

Тобы: „Балапан" ересек

Оқу жылы: 2025-2026ж.

Өткізілген күні: 16-қаңтар

Өткізу формасы: педагогикалық зертхана

Өткізу орны: „Балапан" тоб бөлмесі.

Қатысқан ата-аналар саны: 13 адам.

Жиналыстың тақырыбы: „Бөбекжайдағы және отбасындағы STEAM-технологиялар"

Күн тәртібі:

1. Бөбекжайдағы және отбасындағы STEAM-технологиялар"
Жауаптылар: тәрбиешілер Қайдаулатова Т. Жұмағалиева Т.

2. Зертхананың зерттеу орталықтарындағы практикалық қызмет, пікір алмасу.

3. Алдындағы мәселелер.

Барысы:

1. „Білім берудегі STEAM-технология-лар және олардың ерекшеліктері. Мәселе үйінде ата-аналарымен бірге „Иә-Жоқ" сауалнамасын өткізгенде ашыла түсті, онда сауалнамаға қатысушылар STEAM технология туралы өз ойларын білдірді. STEAM технология-сының мақсаты балаларға қоршаған әлемді кең деңгейде, өзара байланыстағы біртұтас жүйе ретінде ұсынуға көмектесу болды. Математикалық даму, тірі және өлі табиғатпен эксперименттер, Фребельдің дидак-тикалық жүйесі, робототехника, LEGO-құрылыс, шығармашылық, өнер шығуын анықтаушы модульдер атады.

2. Зертханалық зерттеу орталығындағы практикалық қызметтің алдында педагогтер ата-аналарға мына шабуыл жасауды, содан кейін топтарға бөлінуді ұсынды. Ата-аналарға „Тақырып“ басқатырғыштар сияқты ойындар ойнауға, „Араластыру мүмкін емес“ „Ғажайып сөз“, „Таудан суға еземіз, мақалаларда бояймыз“ ойындарында шығармашылықпен ойналысты.

3. Ағымдағы мәселелер:
„Балапан“ ересек тобында осы оқу жылында, наурыз айында мерекелік іс-шаралар қойылымдар тору мәселесі тәрбиешілер сөз алды. Мерекелік іс-шаралар... баланың өзін көрсете алуы және дербес әрекет жасауға, түрлі таланттарын ашуға мүмкіндік

береді. Мерекелік шара тек қана ойын-сауық емес, сонымен қатар денсаулықты сақтауға назар аудару керектігі туралы ойын айтады.

Қорытынды:

1. Бөбекжайдың білім беру ортасындағы STEAM-тәсілді балалардың ерік-жігерін, олардың шығармашылық қабілеттерін, икемділігін, сондай-ақ әр түрлі ғылымдағы білімді практикалық дағдымен үйлестірудің негізделуі.
2. STEAM технологияларының балаларда сыни және креативті ойлау дағдыларын тиімді құрауын қалыптастырылсын.
3. Көктемгі мерекеге дайындау МДҰ жарысына жинақтық бекіткен нестеге СОС және дәуірлісіздік

ережелеріне сәйкес жүргізілсін.

Ата-аналар жиналысы өткізілген күні: 16.09.2026ж

Ата-аналар комитетінің төрағасы:

Хатшы:

№4 Ата-аналар жиналысының хаттамасы.

Тобы: „Балапан" ересек

Оқу жылы: 2025-2026 ж.

Өткізілген күні: 18.05.26ж

Өткізілген формасы: презентация

Өткізілген орны: Бөбекжай акт залы.

Қатысқан ата-аналар: 16 адам

Жиналыстың тақырыбы:

„Балалардың цифрлық сауаттылығы."

Күн тәртібі:

1. Балалардың цифрлық сауат-
тылығы
2. Балалардың денсаулығы мен
дамуына зиян келтіретін
ақпараттан қорғау туралы.
3. Ересек топтағы балалардың
бағдарламаны меңгеру нәтиже-
лері. Баланың даму картасы
бойынша жылдық нәтижелері
жауапты: Қабдұқалықова Т.
Жұмағалиева Т.

Барысы:

1. жиналыс тақырыбы мазмұнына
құрылған баяндаманы топ тәрбие-
шісі Қабдұқалықова Т. тәрбиеші
сөз алды. «Балалардың цифрлық
сауаттылығы» ұғымы туралы
айта келіп, ақпараттық орта-
мен өзара әрекеттесуінің атал-
ған түрлерінің кемшіліктері

көрсетілді. Бұл экран уақытына тәуелділік қаупі. Психикалық және физикалық денсаулыққа төнуі мүмкін бүтіндей қауіп, бақылаудың қиындығы. Ата-аналар үшін қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар берілді. Мысалы гаджеттерді пайдалану уақытын анықтау, негізгі қауіпсіздік ережелерін орнату экраннан тыс әрекеттерге ынталандыру.

2. Балалардың денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы Қазақстан Республикасы Заңының 4-тарауының 16-бабы туралы айтылады. Бұған қоса малған-дың мазмұны зорлық-зомбылықты білдіретін жалған немесе манипуляциялық деректер және т.б. сияқты

ақпарат түрлерін анықтады.
3. Бағдарламаны меңгеру қорыты-
дысы бойынша „Балапан" ересек
тобының тәрбиеленушілерімен
баланың даму картасы бойынша
тәрбиеші Жұмағалиева Т. сөз
алды. Ол балалардың дамудың
бес саласы бойынша бағдарламаны
меңгеру нәтижелерін ұсынды.
Тәрбиеші ересек топ тәрбиелену-
шілерінің 2025-26 оқу жылын-
дағы жетістіктеріне мониторинг
нәтижелеріне қысқаша талдау
жасады.
4. Алдағы іс-шаралар:
Балаларды қорғау күніне бала-
лықта мерекеде балаларды дайын
дайындау іс-шаралары қаралды.

Қаулы:

1. Мектеп жасына дейінгі балалар-дың цифрлық сауаттылығының мақсаттарының бірі деп санау; ата-аналар қауіпсіздіктің бақылау ережелерінің сақталуына баулау түрізілсін

2. «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттық қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы негізге алынатын құжат болып саналсын.

3. 2025-2026 оқу жылында «Балапан» ересек тобында тәрбиеленушілер-дің бағдарламаны меңгеру, жетіс-тіктеріне мониторинг нәтиже-лерін талдау қортындысы бойын-ша ұжым мен ата-аналардың мектепке дейінгі білім берудің

мемлекеттік стандартты іске асырудағы тәрбие-білім беру іс-әрекетті қанағаттанарлық деп есептелсін.
4. Балаларды қорғау күні мерекесіне Жиынның бекітілген кесте, СанПиН нормаларға байланыса дайындық жүргізілсін. Сауықтыру, қауіпсіздік, дамыту және ата-аналармен ынтымақтасаға отырып, балаларға барлық жағдай жасалсын.

Ата-аналар жиналысы өткізген күні: 16.03.26 ж.

Ата-аналар комитетінің төрағасы:
Хатшы:

12 (он екі) **бет нөмірленіп, баумен тігілді, мөрленді**

«Нұрхан» ЖК жетекшісі: А.А.Төлеуғалиев

*Казталовка ауданы Көктерек ауылы «Нұрхан» ЖК*

*«Балбөбек» жеке бөбекежайы*

# Баяндама

Тақырыбы:

## *«Әке –баланың басты қорғаушысы»*

**Топ тәрбиешілері: Т.Т.Қабдықалықова**

**Т.Қ.Жұмағалиева**

2025-2026 оқу жылы

«Әке – баланың басты қорғаушысы»

Баяндама

Іс-шара тақырыбы: Әке – баланың басты қорғаушысы

Іс-шара түрі: Баяндама

Мақсаты: Әкенің бала тәрбиесіндегі рөлін арттыру, әке мен бала арасындағы сыйластықты, жауапкершілікті нығайту.

**Міндеттері:**

Әкенің отбасындағы тәрбиелік маңызын түсіндіру;

Баланың қауіпсіздігі мен жан-жақты дамуына әкенің ықпалын насихаттау;

Әке мен бала арасындағы жылы қарым-қатынасты қалыптастыру.

Барысы

Кіріспе: Қайырлы күн, құрметті ата-аналар!

Отбасы – қоғамның алтын діңгегі. Ал сол отбасының тірегі, қорғаны – әке. Әке тек отбасының асыраушысы ғана емес, баланың өмірдегі алғашқы қорғаушысы, ақылшысы және үлгі тұтар тұлғасы.

Негізгі бөлім: Баланың өзін қауіпсіз сезінуі көбіне әкесінің қамқорлығы мен қолдауына байланысты. Әке баласына еңбекқорлықты, адалдықты, батылдықты, жауапкершілікті өз іс-әрекеті арқылы үйретеді.

Әке баласымен бірге уақыт өткізіп, ойын ойнап, серуендеп, әңгімелессе, олардың арасындағы сенім арта түседі. Осындай қарым-қатынас баланың өзіне деген сенімділігін қалыптастырады.

«Әке көрген оқ жонар» деген халқымыздың даналығы әкенің тәрбиедегі орнының ерекше екенін айқын көрсетеді.

Қорытынды: Баланың жарқын болашағы – отбасының бірлігі мен ата-ананың тәрбиесіне байланысты. Әке – баланың қорғаушысы, бағыт берушісі және өмірлік тірегі. Әрбір әке өз перзентіне қамқорлық пен сүйіспеншілік көрсете отырып, оның бақытты әрі саналы азамат болып өсуіне үлес қосады.

Күтілетін нәтиже:

Ата-аналар әкенің бала тәрбиесіндегі рөлінің маңызын түсінеді;

Әке мен бала арасындағы қарым-қатынас нығаяды;

Отбасылық құндылықтарды құрметтеу артады.





*Казталовка ауданы Көктерек ауылы «Нұрхан» ЖК*

*«Балбөбек» жеке бөбекежайы*

# Баяндама

**Тақырыбы:**

## *«Асық ойнау дәстүрі»*

## *(Әжелер мектебі)*

**Топ тәрбиешілері: Т.Т.Қабдықалықова**

**Т.Қ.Жұмағалиева**

2024-2025 оқу жылы

**Тақырыбы:**

# «Әжем үйреткен ұлттық ойындар»

Іс-шара түрі: Танымдық-ойын сағаты

**Мақсаты:** Балаларды қазақ халқының ұлттық ойындарымен таныстыру, ұлттық құндылықтарға деген қызығушылығын арттыру, ептілікке, ұйымшылдыққа және достыққа тәрбиелеу.

Міндеттері:

Ұлттық ойындардың маңызын түсіндіру;

Балалардың қимыл-қозғалысын дамыту;

Үлкендерді құрметтеуге, салт-дәстүрді бағалауға тәрбиелеу.

Қатысушылар: Тәрбиеші, балалар, әже.

Көрнекіліктер: Ұлттық киім, асық, орамал, арқан, бесік суреті, ұлттық әуендер.

Іс-шара барысы

I. Кіріспе бөлім

Балалар ұлттық әуенмен залға кіреді.

Тәрбиеші: – Сәлеметсіңдер ме, балалар! Бүгін бізге қонаққа ақ жаулықты әжеміз келіп отыр. Әжеміз бізге ертеде балалар қандай ұлттық ойындар ойнағанын үйретеді.

Әже: – Айналайын балаларым, ата-бабамыз ойын арқылы батылдыққа, шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеген. Бүгін сол ойындардың бірнешеуін бірге ойнайық.

II. Негізгі бөлім

1. «Орамал тастау» ойыны Балалар шеңберге тұрады. Әже орамалды білдірмей бір баланың артына тастайды. Орамалды байқаған бала әжені қуып жетуге тырысады.

2. «Асық ату» ойыны Балалар кезекпен асықты дәлдеп атады. Дәл тигізген бала мадақталады.

3. «Арқан тарту» ойыны Балалар екі топқа бөлініп, күш сынасады.

Сергіту сәті «Қара жорға» биін билейді.

III. Қорытынды бөлім

Әже: – Балалар, ұлттық ойындар – халқымыздың асыл мұрасы. Осындай ойындарды ойнап жүрсеңдер, дендерің сау, көңілдерің көтеріңкі болады.

Тәрбиеші: – Балалар, бүгін қандай ойындар ойнадық? – Қай ойын сендерге көбірек ұнады?

Балалардың жауаптары тыңдалып, белсенді қатысқандары мақталады.

Қорытынды:

Балалар ұлттық ойындар туралы білімдерін толықтырып, ойын арқылы ептілікке, ұйымшылдыққа және ұлттық дәстүрді құрметтеуге тәрбиеленеді.


3/9


4/9





*Казталовка ауданы Көктерек ауылы «Нұрхан» ЖК*

*«Балбөбек» жеке бөбекжайы*

# Баяндама

Ата-аналарға кеңес

Тақырыбы:

## *«Баланың тілін дамытудағы кітаптың рөлі»*

**Топ тәрбиешілері: Т.Т.Қабдықалықова**

**Т.Қ.Жұмағалиева**

2025-2026 оқу жылы

Ата-аналарға кеңес

Тақырыбы:

**«Баланың тілін дамытудағы кітаптың рөлі»**

Іс-шара түрі: Ата-аналарға кеңес

**Мақсаты:** Ата-аналарға кітаптың баланың сөйлеу тілін дамытудағы маңызын түсіндіру және үй жағдайында кітап оқуға қызығушылық қалыптастыру жолдарын ұсыну.

Міндеттері:

Баланың сөздік қорын молайтуда кітаптың рөлін түсіндіру;

Бірлесіп кітап оқу дәстүрін қалыптастыруға ықпал ету;

Баланың байланыстырып сөйлеу қабілетін дамытуға бағыт беру.

Кеңес барысы

Кіріспе

Кітап – баланың ақыл-ойын дамытатын, тілін байытатын ең құнды құралдардың бірі. Күнделікті кітап оқу арқылы бала жаңа сөздер үйреніп, ойын еркін жеткізуге, дұрыс сөйлеуге және тыңдай білуге дағдыланады.

Негізгі бөлім

Ата-аналар баламен бірге күн сайын 10–15 минут кітап оқуды әдетке айналдырғаны дұрыс. Ертегілерді, өлеңдерді, қысқа әңгімелерді оқып болғаннан кейін балаға сұрақтар қойып, кейіпкерлер туралы әңгімелескен тиімді.

Ата-аналарға ұсыныстар:

Баланың жасына сай кітап таңдаңыз.

Күн сайын бірге кітап оқуға уақыт бөліңіз.

Кейіпкерлердің іс-әрекетін талқылаңыз.

Суреттер бойынша әңгіме құрастыртыңыз.

Баланың сұрақтарына шыдамдылықпен жауап беріңіз.

Үйде шағын кітап бұрышын ұйымдастырыңыз.

Өз үлгіңізбен кітап оқуға қызығушылық танытыңыз.

Қорытынды

Кітапқа қызығатын бала – ойы ұшқыр, тілі бай, дүниетанымы кең тұлға болып қалыптасады. Баланың кітапқа деген сүйіспеншілігі ең алдымен отбасынан басталады. Сондықтан кітап оқуды күнделікті жақсы дәстүрге айналдырайық!

Күтілетін нәтиже

Ата-аналар кітаптың тіл дамытудағы маңызын түсінеді;

Отбасында бірлесіп кітап оқу дәстүрі қалыптасады;

Балалардың сөздік қоры мен байланыстырып сөйлеу дағдылары дамиды.


КІТАПХАНА БҰРЫШЫ




МОБИЛЬДІ КІТАПХАНА


ЛОТО

***Казталовка ауданы  Көктерек ауылы  «Нұрхан»  ЖК***

***«Балбөбек»  жеке бөбекежайы***

Тақырыбы:

# *«Цифрлік әлемдегі қауіпсіздік»*

## *(Дөңгелек үстел)*

**Топ  тәрбиешілері:     Т.Т.Қабдықалықова**

**Т.Қ.Жұмағалиева**

2025-2026 оқу жылы

**Баяндама**

Тақырыбы:

«Цифрлық әлемдегі қауіпсіздік»

**Мақсаты:** Ата-аналарға цифрлық ортадағы қауіпсіздік ережелері туралы түсінік беру, балаларды интернеттегі қауіп-қатерлерден қорғау жолдарын талқылау және қауіпсіз цифрлық мәдениетті қалыптастыру.

Қатысушылар: Ата-аналар, тәрбиешілер, психолог, әдіскер.

Құрал-жабдықтар: Презентация, бейнеролик, жағдаяттық тапсырмалар, жадынамалар.

Барысы

I. Кіріспе бөлім

Қатысушылармен амандасу.

Тақырыптың өзектілігімен таныстыру.

«Балаңыз күніне гаджетті қанша уақыт пайдаланады?» сұрағы бойынша қысқаша пікір алмасу.

II. Негізгі бөлім

Талқыланатын сұрақтар:

Цифрлық әлемнің бала дамуына пайдасы мен зияны.

Интернеттегі қауіптер (кибербуллинг, алаяқтық, зиянды ақпарат).

Баланың жеке мәліметтерін қорғау.

Гаджетті пайдалану мәдениеті және экран алдындағы уақыт.

Ата-ананың бақылауы мен қолдауы.

Жағдаяттық тапсырма «Балаңызға әлеуметтік желіде бейтаныс адам хабарлама жіберді. Сіз қандай әрекет жасайсыз?» – қатысушылар өз пікірлерін ортаға салады.

III. Қорытынды бөлім

Ұсыныстар:

Баламен интернет қауіпсіздігі туралы үнемі сөйлесу.

Күрделі құпиясөздерді қолдану.

Жеке мәліметтерді жарияламауға үйрету.

Экран уақытын жас ерекшелігіне сай шектеу.

Ата-аналық бақылау мүмкіндіктерін пайдалану.

Күтілетін нәтиже

Ата-аналар цифрлық қауіпсіздік туралы білімдерін толықтырып, балалардың интернетті қауіпсіз пайдалануына бағытталған тиімді тәсілдерді меңгеред


ChatGPT


ChatGPT

*Казталовка ауданы Коктерек ауылы «Нұрхан» ЖК*

*«Балбөбек» жеке бөбекежайы*

Тақырыбы:

# *«Салауатты өмір салты-отбаслық құндылық»*

**Топ тәрбиешілері: Т.Т.Қабдықалықова**

**Т.Қ.Жұмағалиева**

2025-2026 оқу жылы

Тақырыбы:

## «Салауатты өмір салты – отбасылық құндылық»

**Мақсаты:**

Әкелердің бала тәрбиесіндегі рөлін арттыру, отбасында салауатты өмір салтын қалыптастырудың маңызын түсіндіру, денсаулықты нығайтуға бағытталған ортақ әрекеттерді насихаттау.

Міндеттері:

Әкелердің балаларға үлгі болу жауапкершілігін арттыру;

Отбасында дұрыс тамақтану, дене белсенділігі, күн тәртібін сақтау туралы түсінік қалыптастыру;

Балалар мен ата-аналар арасындағы қарым-қатынасты нығайту.

Қажетті құралдар:

Плакаттар, мақал-мәтелдер, спорттық суреттер, интерактивті тапсырмалар, презентация.

Іс-шара барысы

I. Кіріспе

Жүргізуші: – Құрметті әкелер! Бала тәрбиесінің негізі – отбасы. Баланың дені сау, рухы мықты болып өсуі ең алдымен ата-ананың өмір салтына байланысты. Сондықтан бүгінгі кездесуіміздің тақырыбы – «Салауатты өмір салты – отбасылық құндылық».

II. Пікір алмасу

Талқылау сұрақтары:

Салауатты өмір салты дегеніміз не?

Балалар сізден қандай жақсы әдеттерді үйренеді?

Отбасында денсаулықты нығайту үшін қандай дәстүрлер қалыптасқан?

III. Кеңес

Салауатты отбасының 5 қағидасы:

Дұрыс және теңгерімді тамақтану.

Күн сайын дене белсенділігімен айналысу.

Таза ауада серуендеу.

Ұйқы және күн тәртібін сақтау.

Зиянды әдеттерден аулақ болу.

IV. Сергіту сәті

Әкелер мен балалар бірге қарапайым жаттығулар орындайды:

Қолды жоғары көтеру;

Отыру-тұру;

Орнында жүгіру;

Созылу жаттығулары.

V. Қорытынды

Жүргізуші: – Баланың денсаулығы – отбасының басты байлығы. Әкенің жеке үлгісі, дұрыс өмір салты мен қамқорлығы – баланың жарқын болашағының кепілі.

Күтілетін нәтиже:

Әкелердің салауатты өмір салтын ұстануға деген ынтасы артады;

Отбасында денсаулықты нығайтуға бағытталған ортақ іс-әрекеттер көбейеді;

Әке мен бала арасындағы қарым-қатынас нығаяды.

Ұраны: «Дені сау әке – дені сау отбасы, дені сау отбасы – бақытты қоғам!»


C
159

